



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы

S&P Global Ratings ForteBank-тің рейтингісін «B» деңгейінен «B+» деңгейіне дейін жоғарлатты

2019 жылғы 6 маусымда S&P Global Ratings халықаралық рейтинглік агенттігі ForteBank-тің рейтингісін «B» деңгейінен «B+» деңгейіне дейін көтергені туралы шешім қабылдағанын хабарлады, болжам – «Тұрақты».

S&P талдаушыларының хабарлауынша: «Біз ForteBank-тің рейтингісін көтердік, себебі банк соңғы үш жылда өзінің бәсекелік ұстанымын едәуір нығайтты Қазақстандағы үш ірі банктің үшіншісі болып табылады, активтерінің мөлшері бойынша нарықтық үлесі 8%. ForteBank-тің тәжірибелі басқарушы командасы және акционері Болат Әтемұратовтың тарапынан көрсетілген қолдау, жаңа жоғары сапалы бизнестің қалыптасуына және өткен кезеңдер үшін проблемалы берешектерді сәтті реттеуге және тиімділікті арттыруға ықпал етті деп ойлаймыз.»

ForteBank Басқармасының Төрағасы **Гурам Андроникашвили** бұл жаңалық бойынша түсінік беріп өтті:

«S&P Global Ratings агенттігінің банк рейтингісін «B+» деңгейіне дейін көтеруі – банк үшін маңызды оқиға және тұмас командамызының жұмысын жоғары бағалау. ForteBank рейтингінің жақсаруы - оның Қазақстандағы нарықтық орнының нығаюының кезекті көрсеткіші болып табылады және клиенттерімізге сапалы қызмет көрсетуді жалғастыруға мүмкіндік береді. ForteBank капиталының жеткілікті болуы және өтімділік деңгейі бойынша көшбасшылық орнын сақтай отырып, оң қаржы нәтижелерін көрсетеді.»

2018 жылдың қорытындысы бойынша ForteBank активтерінің мөлшері бойынша Қазақстанның ең ірі үш банкінің қатарына кіреді және капиталдандыру және өтімділік деңгейі бойынша көшбасшылық орынға ие. Ресейлік Markswebb аналитикалық агенттігінің пікірі бойынша ForteBank мобильді қосымшасы Қазақстандағы № 1 және ТМД-дагы үздік ондықтың бірі болып танылды. The Banker және Global Finance пікірі бойынша ForteBank екінші жыл қатарынан «Қазақстанның жыл банкі» деп танылды.

Хабарласу үшін:

Инвесторлармен қарым-қатынас
Тел. +7 (7172) 58 75 75 (ішкі 10249)
E-mail: IR@fortebank.com

Баспасөз қызметі:
Тел.: +7 (7172) 59 99 99 (ішкі 10868)
E-mail: epeltola@fortebank.com